

2001 жылғы маусымда, шілдеде, тамызда, қыркүйекте Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі бар мемлекеттік емес сыртқы заемдар бойынша төлемдерді өтеу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 3 шілде N 911

Қазақстан Республикасының шетелдік несие берушілер алдындағы міндеттемелерін орындау және дефолт фактілеріне жол бермеу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі бар мемлекеттік емес сыртқы заемдар бойынша республикалық бюджеттен оқшауландырылған қаражаттың қайтарылуын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасы берген 1991 жылғы 21 желтоқсандағы N И-811, 1992 жылғы 12 мамырдағы, 1992 жылғы 31 тамыздағы, 1992 жылғы 6 қарашадағы N 13-6/И-947, 1994 жылғы 29 маусымдағы N ф-22-3/42, 1995 жылғы 24 наурыздағы N ф-22-3/3/4016, 1995 жылғы 8 маусымдағы N ф-22-3/8, 1995 жылғы 9 тамыздағы N ф-22-3/11, 1996 жылғы 11 наурыздағы N 27-1Г/3-96, 1996 жылғы 23 қыркүйектегі N 001, 1996 жылғы 23 қыркүйектегі N 002, 1996 жылғы 2 қазандағы N 0000016, 1997 жылғы 31 қазандағы N 0000028, 2001 жылғы 29 мамырдағы N 0000045 мемлекеттік кепілдіктерге сәйкес шетел банктері шоттарының негізінде қаражаты қосымшада көрсетілген заемшыларға (бұдан әрі - заемшылар) берілген заемдар бойынша, 2001 жылға арналған республикалық бюджетте "Мемлекеттік кепілдіктер бойынша міндеттемелерді орындау" бағдарламасы бойынша көзделген қаражаттың шегінде төлемдерді, сондай-ақ кейіннен осы төлемдер кешіктірілген жағдайда айыппұл пайыздарын төлеуді жүргізсін.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, Бас Прокуратурасы (келісім бойынша), Мемлекеттік кіріс министрлігі, Қаржы полициясы агенттігі және "Қазақстан Эксимбанк" жабық акционерлік қоғамы (келісім бойынша) оқшауландырылған қаражаттың республикалық бюджетке қайтарылуын қамтамасыз ету жөнінде заемшылардың банкроттығы рәсіміне дейін барлық қажетті шараларды қолдансын және қаржылық міндеттемелері республикалық бюджеттің есебінен орындалған заемшыларға қатысты оқшауландырылған мемлекеттік бюджеттік қаражатты қайтару жөнінде қолданылған шаралар және жұмыстың нәтижелері туралы Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат берсін.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, Қаржы полициясы агенттігі заемшылардың Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдіктері бар мемлекеттік емес сыртқы заемдарды мақсатты пайдалануы жөніндегі қаржылық-шаруашылық қызметіне тексеру жүргізсін және оларды пайдалануды бұзу фактілері анықталған

жағдайда Қазақстан Республикасының Бас Прокуратурасымен (келісім бойынша) бірлесіп, кінәлі адамдарды Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңнамасына сәйкес жауапқа тарту жөнінде шаралар қолдансын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 2001 жылғы 3 шілдедегі
N 911 қаулысына
қосымша

Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі бар

мемлекеттік емес сыртқы заемдарды өтеу жөніндегі төлемдердің
сомасы

Заемшы ұйым ! Төлем ! Төлем ! Төлем ! валютасы ! күні ! сомасы			
Канада несие желісі			
"Конденсат" АҚ	USD	15.11.00	68,74
Германия несие желісі			
ҚР ИМ ҚТЖД	EUR	01.06.01	733 288,43
"Ақмола жаңа құрылыс индустриясы" АҚ	DM	30.06.01	4 810 665,05

"Қазақтелеком" ААҚ	DM	30.06.00	65 406,83
"Қазақтелеком" ААҚ	DM	30.06.01	262 547,28
ҚР ІІМ ҚТЖД	EUR	01.08.01	840 643,87
АЗАТ	DM	01.09.01	2 785 195,00
"Павлодартрактор" МАҚ	DM	01.09.01	4 512 318,51
АҚШ несие желісі			
"Отель-Астана" БК ААҚ	USD	15.06.01	1 364 955,74
"Тағам" МАҚ	USD	15.06.01	1 773 272,70
"Кең Дала" АҚ	USD	15.06.01	9 958 175,19
"Өнім" АҚ	USD	15.06.01	1 234 948,54
Түркия несие желісі			
"Байланыс-Құрылысшы" МАҚ	USD	22.06.01	42 609,30
"Жеңілөнеркәсіп" АҚ	USD	22.06.01	482 790,11
"Медеу-Эмсап-Алатау" БК	USD	22.06.01	248 183,30
"Мақсат" АҚ	USD	22.06.01	51 243,61
"Игілік" АҚ	USD	22.06.01	62 484,07
Барлығы	DM	12 436 132,67	
	USD	15 218 731,30	

EUR

1 573 932,30

таблицаның жалғасы

Заемшы ұйым ! Негізгі ! Пайыздар ! Басқалар ! борыш ! !			
"Конденсат" АҚ	0,00	0,00	68,74
ҚР ИМ ҚТЖД	532 091,38	201 197,05	0,00
"Ақмола жаңа құрылыс индустриясы" АҚ	4 129 326,10	681 338,95	0,00
"Қазақтелеком" ААҚ	0,00	0,00	65 406,83
"Қазақтелеком" ААҚ	262 547,28	0,00	0,00
ҚР ИМ ҚТЖД	778 373,95	62 269,92	0,00
АЗАТ	2 567 000,00	218 195,00	0,00
"Павлодартрактор" МАҚ	3 539 073,34	973 245,17	0,00
"Отель-Астана" БК ААҚ	1 012 712,00	352 243,74	0,00
"Тағам" МАК	1 651 268,86	115 203,52	6 800,32
"Кең Дала" АҚ	8 680 848,23	1 245 536,60	31 790,36
"Өнім" АҚ	1 076 542,70	154 463,40	3 942,44
"Байланыс-Құрылысшы" МАК	0,00	42 609,30	0,00

"Жеңілөнеркәсіп" АҚ	0,00	482 790,11	0,00
"Медеу-Әмсаш-Алатау" БК	0,00	248 183,30	0,00
"Мақсат" АҚ	0,00	51 243,61	0,00
"Игілік" АҚ	0,00	62 484,07	0,00
Барлығы	10 497 946,72	1 872 779,12	65 406,83
	12 421 371,79	2 754 757,65	42 601,86
	1 310 465,33	263 466,97	0,00

Мамандар:

Багарова Ж.А.,

Қасымбеков Б.А.